

Жас мамандар апталығы

26.11-2.12.24 жылы мектеп-гимназиямызда жас мамандар апталығы өткізілді. Мақсаты: Жас мамандардың сабақ беру барысын бақылау, әдістемелік көмек, қолдау көрсету. Апталық барысында жас мамандар ашық сабақтар мен сыныптан тыс сағаттар өткізді. Қазақстан тарихы пәнінен Қабимолда А.Ж. 9 "В" сыныбымен «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер" тақырыбында, математика пәнінен Ажибаева А.А. 5 «Г» сыныбымен "Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту", Қапсұлтан Т.Т. қазақ тілі пәнінен 2 "В" сыныбымен "Лепті сөйлем" тақырыбында, Қаби М.Ә. 1 "Д" сыныбымен математика пәнінен «Сандарды қосу және азайту», Забихолла Н.К. 5"Г" сыныбымен қазақ әдебиеті пәнінен "Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт», Жақсылық Т.А. 6 "Б" сыныбымен математика пәнінен «Рационал сандарға арифметикалық амалдар», Төлендіқызы Қ. 5 "Б" сыныбымен математика пәнінен "Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту" , Тұрғанбек И. 4 "А" сыныбымен информатика пәнінен «Ультрадыбыс датчигі», Дүйсенов Қ.А. 7 "Б" сыныбымен "Электронды кестелердің элементтерін форматтау" тақырыптарында өз ашық сабақтарын өткізді. Жас маман болсада ұстаздарымыз өз сабақтарына жан-жақты, үлкен шығармашылықпен дайындалып, өз сабақтарында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру үшін жаңа технологиялар, платформалар және жасанды интелектерді тиімді пайдалана білді. Жас мамандарымыздың сабақтарына оқу және ғылыми ісі жөніндегі орынбасарлар, әріптестері қатысып, өз бағаларын беріп өтті.



